

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Отан қорғауға дайын болу - әр азаматтың борышыЖАРИЯЛАНДЫ
11.08.2025СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/182031/>*Сайлау Рамазан Жеңісбекұлы**АӘТЖД пәні мұғалімі*

“Отан - сенің туып өскен елің ғана емес, ол - сенің тағдырың, сенің өмірің”

Туған жер - әр адамның жүрегіндегі ең қастерлі ұғым. Адамға өмір сыйлаған анасы қандай қымбат болса, Отан да сондай асыл. Ол - біздің өткеніміз бен бүгініміз, болашағымыздың кепілі. Сол себепті Отанды қорғау - ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан қасиетті парыз.

Ел тарихы - ерлік пен намыстың, батырлық пен жанқиярлықтың шежіресі. Ерте замандарда-ақ қазақ даласының әр сүйем жерін жаудан қорғау үшін атқа қонған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Исатай мен Махамбет сынды хас батырларымыздың ерлігі - мәңгілік өнеге. Олар найзаның ұшымен, білектің күшімен елін сақтап қалды.

XX ғасырдың орта шенінде қазақтың талай ұлы мен қызы Ұлы Отан соғысында жауға қарсы тұрды. Рейхстагқа жеңіс туын тіккен Рақымжан Қошқарбаев, аязды Сталинградта ерлік көрсеткен Бауыржан Момышұлы - олардың ерлігі ұмытылмақ емес. Кейінгі жылдары Ауған соғысына қатысқан қазақстандық жауынгерлер де борышын адал атқарып, ел намысын биік ұстады.

Бүгінде Отан қорғау тек майдан даласында ғана емес, бейбіт күнде де жалғасуда. Қазақстанның Қарулы Күштерінде мыңдаған офицер мен сарбаз ел шекарасын күзетіп, бейбіт өмірдің тыныштығын қамтамасыз етіп жүр. Бітімгерлік миссияға қатысқан қазақстандық әскерилер әлемнің әр түкпірінде бейбітшілікті орнатуға үлес қосуда.

Мектеп қабырғасындағы алғашқы әскери дайындық пәні осы қасиетті міндетке баулиды. Бұл сабақтарда біз саптық жүрісті үйреніп, қару-жарақтың құрылысын меңгереміз, төтенше жағдайларда қалай әрекет ету керегін білеміз. Әскери-медициналық көмек көрсету, табиғи және техногендік апаттар кезінде өзін-өзі ұстау дағдыларын игеру - өмірлік қажетті білім.

Мен үшін Отан қорғау - тек қару ұстау емес. Бұл - туған жерді, оның табиғатын,

мәдениетін, тарихын қорғау. Білімімді, еңбегімді ел игілігіне арнау да – Отан алдындағы борыштың бір бөлігі. Егер ел басына күн туса, әрбір қазақстандық азамат батыр бабаларының жолын жалғап, туған жерін қорғауға дайын болуы тиіс.

Таңғы самал желі есіп тұрған сайын, кең даламның иісі кеудеме толады. Мөлдір бұлақтың сыңғыры, қарт таулардың асқақтығы – менің Отанымның көрінісі. Мұндай сұлулықты қорғау – әр азаматтың ар-намысы.

Қорыта айтқанда, Отан қорғауға дайын болу – әрбір азаматтың абыройлы парызы, қасиетті борышы. Батыр бабаларымыздың аманатын арқалап, тәуелсіздіктің көк байрағын биікте желбірету – біздің басты міндетіміз. Еліміздің ертеңі – біздің қолымызда.

Отанды қорғау – парыз, абырой, намыс!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.